

Казетова А.Х.¹, Хасанова И.У.¹, Хабиева Д.Г.¹, Токашова Г.Ж.²

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Қазақстан Республикасы, Орал қаласы

²Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ИНТЕРНЕТ ОЙЫНДАРЫНА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақала бүгінгі таңда өзекті болып отырған мәселе - жасөспірімдердің интернет ойындарына тәуелділігіне арналған. Бұл зерттеу тақырыбына қатысты теориялық материалдарды толық қамтып, психологиялық аспектілерін кеңінен ашып, талдаған. Авторлар қазіргі ақпараттық қоғам үшін ақпараттық технологияның, оның ішінде интернет желісінің орасан зор мүмкіндігін баса көрсете келе, жасөспірімдердің психологиялық ерекшелігіне сәйкес жағымсыз ықпалын толық қарастырған. Интернет-тәуелділік мәселесі салыстырмалы түрде шетелде ерте өзекті бола түсуіне байланысты зерттеу жұмысында оны осы уақытқа дейін зертеген шетел ғалымдарының еңбектеріне жан-жақты талдау жасалған. Тәжірибелік-зерттеу жұмысы барысында вербальды диагностика әдістері таңдап алынған: «Интернетті қабылдау» Е.А. Щепилиннің сауалнамасы; Р.Кеттелдің «16-факторлық тұлғалық сауалнамасы»; Дембо-Рубинштейннің «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі; В. Столин және С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісі.

Түйінді сөздер: жасөспірім, интернет ойындарына тәуелділік, интернет-аддикция, интернет жүйесі

Казетова А. Х. ¹, Хасанова И. У. ¹, Хабиева Д. Г. ¹, Токашова Г. Ж. ²

¹Западно-Казахстанский университет имени Утемисова
Республика Казахстан, Уральск

²Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Есенова
Республика Казахстан, Ақтау

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗАВИСИМОСТИ ПОДРОСТКОВ ОТ ИНТЕРНЕТ-ИГР

Аннотация

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме - зависимости подростков от интернет-игр. В статье полностью охвачены весь теоретический материал, касающийся темы исследования, широко раскрыты и проанализированы психологические аспекты. Авторы подробно рассмотрели негативное влияние информационных технологий, в том числе сети интернет, в соответствии с психологическими особенностями подростков, подчеркивая огромные возможности для современного информационного общества. В связи с тем, что проблема интернет-зависимости становится сравнительно ранней актуальной за рубежом, в исследовательской работе дан всесторонний анализ трудов зарубежных ученых, изучавших ее до настоящего времени. В ходе опытно-исследовательской работы были выбраны методы вербальной диагностики: опросник Е. А. Щепилина " восприятие

Интернета»; 16-факторный личностный опросник Р. Кеттеля; методика Дембо-Рубинштейна» самооценка»; тест» отношение к себе «В. Столина и С. Пантилеевой.

Ключевые слова: подростковый возраст, интернет-зависимость, интернет-аддикция, интернет-система.

Kazetova A.Kh.¹, Khasanova I.U.¹, Khabieva D.G.¹, Tokashova G.Zh.²

¹The West Kazakhstan university named after M. Utemisov
The Republic of Kazakhstan, Oral

²Caspian University of Technology and Engineering named after Yesenova
Republic of Kazakhstan, Aktau

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF TEENAGERS' DEPENDENCE ON INTERNET GAMES

Annotation

The article is devoted to the current problem of teenagers' dependence on Internet games. The article fully covers all theoretical material related to the research topic, broadly discloses and analyzes psychological aspects. The authors examined in detail the negative impact of information technologies, including the Internet, in accordance with the psychological characteristics of adolescents, emphasizing the huge opportunities for the modern information society. Due to the fact that the problem of Internet addiction is becoming relatively early relevant abroad, the research paper provides a comprehensive analysis of the works of foreign scientists who have studied it to date. In the course of experimental research, methods of verbal diagnostics were selected: E. A. Shchepilin's questionnaire "perception of the Internet"; R. Kettel's 16-factor personality questionnaire; Dembo-Rubinstein's method "self-esteem"; the test "attitude to oneself" V. Stolina and S. Pantileeva.

Keywords: adolescence, internet addiction, internet addiction, internet system

Кіріспе

Тәуелсіз еліміздің қазіргі даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы өзгерістермен яғни, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайдағы дамуына үлкен өзгерістер келтіреді, яғни олардың мінез-құлықтарының қалыптасуына өз әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында біздің еліміз демократиялық, унитарлы және зайырлы мемлекет деп жарияланған. Сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарға үлкен мән берілуде [1]. ҚР «Білім туралы» Заңында «Ұрпақтың шығармашылық, рухани және денелік мүмкіндіктерін дамыту үшін, олардың бойында адамгершілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыру қажет» деп жазылған [2]. Әлеуметтік-экономикалық жаңарулар бізді болашақ туралы, жастар туралы ойландырады.

XX ғасырдың аяғында ғылыми-техникалық прогрестің бет алғандығы, компьютерлік технология мен компьютерлердің пайда болуына түрткі болды. Компьютерлерді шығару көптеген өнеркәсіптің салаларын төңкерістік жағдайға әкелді.

Бүгінде компьютердің басқа да барлық даму салаларын арттыруға негіздейді. Ірі компанияларды айтпағанда бүгінде орта деңгейдегі фирмаларда компьютерсіз және компьютер жүйесінің қызметінсіз жұмыстарын атқара алмайды. Қазіргі заман талабына сай өмір сүретін тұлға компьютермен әрдайым жұмыста, үйде, машинада сонымен қатар ұшақта да жұмысын бастай береді. Компьютер адам өміріне тез ене бастайды, біздің санамызда өз орнын алады, біз оны көпке дейін ұғына қоймаймыз.

Қазіргі технологияның дамыған заманында дүние жүзіндегі барлық сала компьютермен қаруланып, адамдар компьютерсіз аяқ басудан қалды, балаларды

компьютердің көмегінсіз оқыту мүмкін емес. Өмірімізге, тіршілігімізге дендеп енген жаңа технологиялар өздерінің жан-жақты мүмкіндіктерімен бізді бір жағынан таңдандырса, екінші жағынан табындырып келеді. Сонымен қатар, еліміздің экономикасының дамуы да, жалпы идеологияға, ұрпақ тәрбиесіне өз ықпалын өткізуде. Білім беру саласында компьютер, интернет сияқты жаңа технологиялардың кеңінен қолданылуы алдымен қуанарлық жағдай. Өйткені компьютер бір кездегі кез-келген адам күнделікті тіршілікте қолданатын қаламның, қарындаштың, сызғыштың, бояулардың, газет-журналдардың орнын басып т.б қажеттіліктерді ауыстырып, біздің өмірімізде белгілі бір өз орнын сайлады. Компьютердің тағы бір айырықша қызықтыратын жағы-ол жазылған, орындалған жұмыстарыңды еш қиналмастан әдемілеуге, түзетуге, безендіруге, басқа да ойыңа келген әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Егер дұрыс пайдалана білсең ол сенің талмайтын көмекшіңе, сырлас досыңа, сенімді серігіңе айналары сөзсіз. Ал осындай оң қасиеттері бар, таптырмас құрал неге жасөспірімдеріміздің болашағына қауіп төндіруде? Одан қорғану жолдары бар ма? Оның алдын алуға бола ма? Бүгінгі таңда осы тәріздес сұрақтар ата-аналарды, мұғалімдерді, дәрігерлерді, ғалымдарды мазалап отыр. Әркім, әр сала өздерінше осы сұрақтарға жауап іздеп, оны шешу жолдарын іздестіруде.

Әдебиеттерге шолу

Интернет-тәуелділік мәселесі салыстырмалы түрде шетелде ерте өзекті бола түсуіне байланысты зерттеу жұмысымызда оны осы уақытқа дейін зерттеген шетел ғалымдарының еңбектеріне жан-жақты талдау жасалды. Оларға К.Янг, И.Голдберг, М.Шоттон, Ш.Тёкл, И.Хейзинг, Лукештің, Ю.В.Фомичев, Е.А. Щепилин және т.б. жатады.

Интернет ТМД елдеріне қарағанда АҚШ-та және Батыс Еуропада әлдеқайда жоғары дамыған, ол елдердің тәжірбиелері біраз елдерге үлгі боларлықтай. Қазіргі кезде «Интернетке тәуелділік» немесе интернет-аддикция ауруы талай пікірталастарға түсіп, қарқынды зерттелуде. Соның нәтижесінде Netaholic немесе Интернет-аддикт термині пайда болды.

Жалпы айтқанда, «Интернетке тәуелділік» немесе Интернет-аддикция (Internet addiction) «Интернетті қолданудан химиясыз тәуелділік» туындауы. Адамдар күнде виртуалды шындық ішінде 18 сағат бойы уақыттарын өткізгесін, іс жүзінде «шынайы» өмірден қол үзе бастайды. интернет- тәуелділіктің екінші бір түсіндірмесі — ол «off-line-да отырып, интернетке кіруге құмарту, одан кейін on-line-да отырып, интернеттен шыға алмау».

Интернеттен тәуелділік құбылыстарын психологиялық зерделеудің негізін салушылар екі америкалық ғалымдар: клиникалық психолог К.Янг және психиатр И.Голдберг [3]. 1994 жылы Янг веб-сайтта арнайы сұрақнама жасап, 500 жауап алды, ал оның 400-і, таңдап алынған критерийлерлерге сәйкес, тәуелділер болып шықты. 1995 жылы Голдберг интернеттен тәуелділікті анықтауға арналған, құмар ойындарға (гемблинг) дерттік құштарлық белгілері негізінде құрылған диагностикалық критерийлерлер жинағын ұсынды. 1997-1999 жылдары аталған проблемаларды зерттеумен және психотерапевттік кеңес берумен айналысатын веб-қызметтер құрылды. 1998-1999 жылдары К.Янг, Д.Гринфильд және К.Суратт бірінші рет монографиялар жариялады. 1998 жылдың аяғына қарай Суррат айтқандай, интернет-аддикция сөзі жай ғана клиникалық бағыт ретінде емес, зерттеу және адамдарға іс жүзінде психологиялық көмек көрсету саласы болып, қызмет көлемінің ұлғайғаны белгілі болды [4, 5].

Интернетке тәуелділік интернетті пайдалаудың сан түрлерінен туындауы мүмкін. Сипатына қарай ол маскүнемдік немесе нашақорлық сияқты тәуелділіктің бір түрі ретінде көрінді. Түрлі зерттеулердің қорытындысын зерделеп қарасақ, бүгінгі күні интернетті пайдаланушылардың 10 пайызы ғана интернет-тәуелділікке шалынған. Кейбіреулері бұл санды 2-6 пайыз деп санайды. Интернет-тәуелділіктің ерекшелігін айтар болсақ, ол - химиялық тәуелділік емес, яғни ол ағзаның бүлінуіне әкелмейді, оның ағзаға әсері құмар ойындар салдарынан пайда болатын зиянмен шамалас. Енді бұл ауруға шалдығудың уақыт

ұзақтығы, басқаларына қарағанда әлдеқайда шапшаң: К.Янг-ның зерттеуінше, тәуелділердің 25 пайызы жарты жыл ішінде, 58%- екінші жартыжылда, ал 17 %- бір жыл өткенде ғана тәуелділікке шалдыққан. Ол құбылысты адамның жүріс-тұрысының, күн тәртібінің өзгерісінен, алдымен туғандары, жақын- жуықтары байқайды

Психологиялық зерттеулерге жүгінсек, интернет кеңінен танымал және әйгілі болмай тұрып-ақ психологтар компьютерге тәуелділік туралы айта бастаған. Ең алғашқы және күні бүгінге дейін ең тиянақты компьютерге тәуелділік құбылысын зерттеуді 1980 жылдары ағылшын психологы М.Шоттон жасады. Бұл зерттеуге компьютерге тәуелділіктерін сезінген 100 кәсіби бағдарламашылар мен компьютерде білікті жұмыс жасаушы әуесқойлар қатысты. Бұл зерттеу арнайы сұрақнамалар және сыналушылармен сұхбат ұйымдастыру әдісімен өткізілді; онда стандартты психологиялық тесттер және арнайы дайындалған сұрақтар қолданылды. Компьютерге тәуелділермен қатар екі бақылау тобы зерттелді.

Бақылау тобындағыларға қарағанда, олардың көбісі үйленбеген немесе балалары аз. Компьютерге тәуелділердің көбінің ақыл-ой өрісі аса биік деңгейде дамыған. Сыналушылардың көбі компьютермен таныспай тұрып-ақ, электроникаға бұрыннан теориялық жағынан да, іс жүзінде де өте қызыққандықтарын мойындады [6].

Шоттонның айтуынша, олар компьютерді тиімді, қисынды, жоғары интеллектуалды «бәсекелес» ретінде қабылдайды. Оған қоса, компьютерге тәуелді тұлғалардың мақсаты, ешкімге ұқсамайтын айырықша «бәсекелесті» өзіне бағындырып, толық өзіне тәуелді ету. Компьютерді қадағалау олар үшін, өмірде өзіне бағындыра алмаған жайлар үшін «өшін алу», әсіресе әлеуметтік қатынастарда: сыналушылардың көбі басқалардың, әсіресе өзіне жақын адамдардың әр қадамын, сөзін қадағалап отыруды ең маңызды (және соны тілейді) деп санайды, алайда өмірде олай болуы мүмкін емес.

Ағылшын ғалымы Ш.Тёкл балалардың және жасөспірімдердің компьютерді игеру сатыларына зерттеулер жүргізді. Ол сыналушылардың көбісінде компьютерді өзіне бағындырып, оған толық билік жүргізуге жету параметрі басым екендігін анықтады. Бұндай талпыныста, олар бағдарламалық қамтамасыз етуді құрастырушылар жасаған дәстүрлі бағдарламаларды қолданудан бас тартады, себебі онда компьютерді толық басқару мүмкін емес. Кейбір сыналушы-жасөспірімдер Ш.Тёклдің байқауынша, есептеу бағдарламаларын: мысалы квадрат түбірді есептеп шығару жолдарын, дайын бағдарламадан алмай, өз бетінше жазуға тырысады, себебі дайын бағдарламаны пайдаланса, есептеу процестерін және компьютердің ішкі жай-күйін бақылаудан айрылып қалады.

Интернет-тәуелділік түсінігі (интернет-аддикция, Internet-Addiction), ең бірінші рет Нью-Йорктік психиатры Айвен Голдберг «Интернет тәуелділікті» ауру мағынасында қолданып, сол құрылымды психикалық тәуелділік ретінде қарастырады. Оның ойынша, «Интернет-тәуелділік тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, жұмыстық, отбасылық, қаржылық және психологиялық іс-әрекет аймағында кері әсерін тигізеді» [7].

Интернет-аддикция - интернет тәуелділіктің психологиялық феномені ретінде жүзеге асады. Шынайы өмірден кетудің көрінісі, жүйдегі субъектіні осыншама тартып алатыны сонша, шынайы өмірде толықтай әрекет жүзеге асыра алмайды. Көптеген қолданушылар, интернеттегі азартты сезіне алады. Жаңа таныстықты, көптеген қызық ақпараттарды алу, виртуалды әлемде түн бойы отыруға әсерін тигізеді.

1994 жылы американдық профессор психологтар Питербург университетінің Брэтфорде Кимберли Янг web- сайтында арнайы өңделіп жасалған сауалнамасын енгізді. Зерттеудің нәтижесі бойынша, 600 зерттелушілердің 12 жастан - 47 жас аралығында ер адам мен әйел адамның 78% интернетті тек жұмыс бағытымен қолданса, 22 % демалу мен көңіл-көтеру үшін қолданады [8].

1997-1999 ж.ж. Интернет-аддикция мәселесі бойынша, зерттеушілік және психотерапиялық-кеңес беру web- сайттар жасалды (IAD).

1998-1999 ж.ж. бұл мәселеге сәйкес, бірінші рет монографиялық басылым басылып шықты (К.Янг, Д Грешфилд, К. Сурратт [9]).

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша психологиялық әдебиеттерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау, вербальды диагностика әдістері.

Нәтижелер және талдау

Тәжірибелік зерттеу жұмысының **мақсаты** жасөспірімдердің интернетке тәуелділіктің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін анықтау, оны алдын алу, түзету мәселесін теориялық тұрғыдан зерттеу және тәжірибе жүргізу. Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде тәжірибелік зерттеу жұмысының теориялық негіздері жөнінде материалдар жинақтау, әдебиеттерге шолу жасау ізденіс жұмыстары жүргізіле бастады. Зерттеу базасы анықталып, психологиялық диагностика жұмыстарының әдістері таңдалды.

Ғылыми-зерттеу жұмысына Орал қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің орта сынып оқушылары (7-8 сыныптар) алынды. Зерттеуге барлығы 75 респондент қатысты, олар ер жынысты жасөспірімдер. Зерттеу кезіндегі жасөспірімдердің орташа жасы 13,5 құрады.

Зерттеуге вербальды диагностика әдістері таңдап алынды: «Интернетті қабылдау» Е.А. Щепилиннің сауалнамасы; Р.Кеттелдің «16-факторлық тұлғалық сауалнамасы»; Дембо-Рубинштейннің «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі; В. Столин және С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісі [10-12].

Интернетке тәуелділік белгілері К.Янгтің (2000) интернет-аддикцияны анықтауға арналған критерийлеріне сүйеніп анықталды:

- 1) Интернетке толықтай еніп кету;
- 2) Жүйедегі өте көп уақыт өткізуге қажеттілік;
- 3) Интернетті қолдануды төмендетуге тырысу;
- 4) Интернетті қолдану тоқтатқан кезінде қобалжу сезімін тудыратын симптомдардың туындауы;
- 5) Уақытты бақылауға қиындықтың болуы;
- 6) Қоршаған ортамен қиындықтардың туындауы (жанұя, мектеп, жұмыс, достары және т.б.);
- 7) Жүйедегі өткізу уақыты туралы жалған айту;
- 8) Интернетті қолдану арқылы көңіл-күйдің ауысуына жағдай жасау.

Сонымен қатар, Е.А. Щепилиннің сауалнамасы қолданылды, ол 67 сұрақтан тұрады, 12 шкала бойынша талдау жүргізіледі. Ол бойынша 1) тәуелділік факторлары; 2) интернетті қабылдау ерекшеліктері; 3) тәуелділіктің салдарлары есепке алынады.

Жасөспірімдерге жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша экспериментальды және бақылаушы топтар анықталды. Экспериментальды топқа интернет клубтарға баратын және интернет-аддикцияның белгілері бар №5 жалпы білім беретін орта мектебінің 7-8 сынып оқушылары таңдалса, бақылаушы топқа интернет-аддикцияның белгілері байқалмаған және интернет клубтарға бармайтын 7-8 сынып оқушылары алынды.

Е.А. Щепилиннің «Интернетті қабылдау» сауалнамасы бойынша нәтижелер. «Интернетті қабылдау» шкалары бойынша, интернетке-тәуелді және интернетке-тәуелсіз жасөспірімдердің ішінде айтарылықтай өзгерістер көрінеді. Интернет- тәуелділердің көрсеткіштері келесідей шкалалар бойынша жоғары болып табылады (кесте 1, сурет 1).

Кесте-1

Факторлар	Экспериментальды топ	Бақылаушы топ
Тәуелділік факторы	Жүйелік мәдениетке жататындар Мақсатсыз мінез-құлық Сенсорлық стимуляцияға қажеттілігі	Мақсатты мінез-құлық Сенсорлық стимуляцияға қажетсіздік
Интернетті қабылдау ерекшелігі	Интернетті шектен тыс қолдану қажеттілігі Интернеттегі қарым-қатынас қажеттілігі Интернетті шынайы өмірден жақсырақ деп қабылдау	Интернеттегі қарым-қатынас қажеттілігі маңызды емес. Интернетті шынайы өмірден жақсырақ деп қабылдамайды.

Құмарлықтың салдары	Интернеттегі уақыты Интернеттегі кеңістік Интернетті проективті шындық деп қабылдауы Вертуальды әлемнің нормаларын шынайы өмірге ауыстыруға тырысуы Интернеттің шынайы зат ретінде қабылдау	Интернетті проективті шындық деп қабылдамау Интернеттің шынайы зат ретінде қабылдамау
----------------------------	---	--



Сурет 1. Е.А. Щепилиннің «Интернетті қабылдау» сауалнамасы бойынша нәтижелер

Тұлғалық ерекшеліктерді зерттеуге арналған әдістемелер.

Тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуге таңдалған сауалнамалардың түрлері жасөспірімдердің өз-өзіне қатынасының үш деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- өзіндік «Меніне» қарсы немесе дұрыс сезімінің туындауы;
- өз-өзін құрметтеуге, аутосимпатия, өз-өзіне қатынасын, өз-өзіне қызығушылығы және өзінен күтетін қатынасы;
- өзіндік «Менін» қатынасын, әрекеттердің нақты деңгейі (өз-өзін басқару, қабылдау) болып табылады.

Р.Кеттелдің «16-факторлық тұлғалық сауалнамасы» бойынша нәтижелер.

Бұл әдістеме арқылы қажеттіліктерді зерттеу аймағының көрсеткіштері бақылаушы топ пен эксперименталды топтардың арасында жасөспірімнің қарым-қатынасқа қажеттіліктің түрлерінің нақты сапаларын көрсетті. (кесте-2).

Кесте-2

Орташа факторлардың мағынасы.	Эксперименталды топ	Бақылаушы топ.
Фактор А	8,65*	4,59
Фактор Н	5,26	6,13
Фактор Q2	7,94*	2,92

Р. Кеттелдің әдістемесі бойынша үш факторға бөліп көрсетті:


1) Фактор А – «тұйықтық - қарым-қатынасшыл»- топтағы қарым-қатынасты өлшеуге арналған;

2) Фактор Н - «әлсіздік- батылдық» - әлеуметтік қатынастың белсенділігі анықтап, әлеуметтік жағдайлардан, топтан тәуелсіз болуын анықтау.

3) Фактор Q2 - «конформизм-нонконформизм»- айналасындғылардан, топтан тәуелсіз болуын анықтау.

Бақылаушы топта, қарым-қатныстың «топшыл» түрі басым болады. Эксперименталды топтың жасөспірімдерде жоғары доминанты қажеттілікке ие болады (жоғары көрсеткіштер А және Q2 факторлар), сонымен қатар әлеуметтік батылдыққа төмен болуы (фактор Н), қоршаған адамдар мен қоғаммен қарым-қатынасты орнаут болып табылады. Оларда төмен бейімдеушілік, тұйықтық, өзіне жақын адамдарды табуға және құрдастардың арасындағы

жылы қарым-қатынасты орнатуға тырысады. Алынған нәтижелердің көрсеткіштері Интернет- тәуелділіктің пайда болуына әсер тигізеді. (Amichai-Hamburger, Ben-Artri; 2003, Caplan, 2002).




Сурет 2. Р.Кеттелдің «16-факторлық тұлғалық саулнамасы» бойынша нәтижелер

Дембо-Рубигштейннің өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша нәтижелері.

Өзін-өзі бағалауда, интернет-аддиктердің көрсеткіші, бақылаушы топқа қарағанда, әлде қайда төмен көрсеткішке ие. Мұндай өзін-өзі бағалаудың төмен көрсеткішке ие болған екі психологиялық мәнге ие: өз-өзіне сенімсіздігі (өз-өзіне толымсыз сезімде болуы) және «қорғаныс», болып табылады.

Кесте-3. Дембо-Рубигштейннің өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша нәтижелері

Өзін-өзі бағалау	Эксперименталды топ	Бақылаушы топ.
Өзін-өзі бағалау	<p>Төмен:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзі-өзіне шынайы сенімсіздік; - өзі-өзіне жалған сенімсіздік есебінен «қорғаныс» мақсатында туындау себебімен түсіндіріледі. 	<p>Қалыпты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз-өзіне сенімділік; - өзі-өзіне шынайы сенімділік себебінен «батылдықтың» болуымен түсіндіріледі.



Сурет 3. Дембо-Рубигштейннің өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша нәтижелері

В. Столин және С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісі.

Өз-өзіне қатынасы шкаласы бойынша келесідей нәтижелер алынды:


- 1) Интернет-тәуелді және интернет - тәуелсіз жасөспірімдердің арасындағы «өзіндік Меніне» ($P < 0,05$) қатнаста, интегралды өзгерістердің көрінуі болып табылады. Интернет-тәуелділердің көрсеткіштері әлде қайда төмен, интернет- тәуелсіздерге қарағанда.
- 2) Өз-өзіне қызығушылығы бойынша, ауқымды айырмашылықтары байқалды. Өз-өзіне қатынастың ($P < 0,05$) көрсеткішке ие болды. Өз-өзіне қызығу интернет-тәуелділерде айтарлықтай көрініп, интернет-тәуелсіздердерге қарағанда.
- 3) Интернет - тәуелділер мен интернет-тәуелсіздердің арасындағы өз-өзіне кінәлау бойынша айтарлықтай өзгерістер бар. ($P < 0,05$). Интернет-тәуелділердің өз-өзін

кіналау шкаласы бойынша айтарлықтай жоғары, интернет- тәуелсіздіктерген қарағанда.

- 4) Өз-өзіне қатысты іс-әрекеттің бір түрі ретінде, өз-өзіне қызығушылық деңгейі 1 және 2 топтардың ішінде өзгерістер болады. ($P < 0,05$). Интернет - тәуелсіздердің нақты өзіне бағытталған әрекет жоқ, интернет- тәуелділерге қарағанда.

Кесте-4. В. Столин және С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісінің нәтижелері

Өз-өзіне қатынасы	Эксперименталды топ	Бақылаушы топ
Өз-өзіне қатынасы	«өзіндік Менін» төмен қолдауы;	«өзіндік Менін» жоғары қолдауы;
Өз-өзіне қызығушылығы	Өз-өзіне қызығушылығы төмен көрінуде;	Өз-өзіне қызығушылығы жоғары көрінуде;
Өз-өзін кіналау	Өз-өзін кіналау өте жоғары;	Өз-өзін кіналау өте төмен;
Өз-өзіне қатынасындағы қызығушылығы	Өз-өзіне қатынасындағы қызығушылығы аз көрінуде;	Өз-өзіне қатынасындағы қызығушылығы мол көрінуде;



Сурет 4. В. Столин және С.Пантилееваның «Өз-өзіне қатынасы» тестісінің нәтижелері

Зертеудің нәтижелері бойынша, Р. Кеттелдің әдістемесі бойынша үш факторға бөліп көрсетті:

- 1) Фактор А – «тұйықтық- қарым-қатынасшыл»- топтағы қарым-қатынасты өлшеуге арналған;
- 2) Фактор Н- «әлсіздік- батылдық»- әлеуметтік қатынастың белсенділігі анықтап, әлеуметтік жағдайлардан, топтан тәуелсіз болуын анықтау.
- 3) Фактор Q2- «конформизм-нонконформизм»- айналасындғылардан, топтан тәуелсіз болуын анықтау.

Бақылаушы топта, қарым-қатынастың «топшыл» түрі басым болды. Бақылаушы топтардағы жасөспірімдерде жоғары доминанты қажеттілікке ие болады (жоғары көрсеткіштер А және Q2 факторлар), сонымен қатар әлеуметтік батылдыққа төмен болуы (фактор Н) қоршаған адамдар мен қоғаммен қарым-қатынасты орнаут болып табылады. Оларда төмен бейімдеушілік, тұйықтық, өзіне жақын адамдарды табуға және құрдастардың арасындағы жылы қарым-қатынасты орнатуға тырысады. Жалпы, аддикциясы бар жасөспірім қарым-қатынастағы фрустрациялық қажеттілікке ие және оны Интернет ауыстырады. Алынған нәтижелердің көрсеткіштері Интернет- тәуелділіктің пайда болуына әсер тигізеді. (Amichai-Hamburger, Ben-Artri; 2003, Caplan, 2002).

Өзін-өзі бағалау мен өз-өзіне қатынасы шкалалары бойынша мәліметтердің корреляциялық анализі, интернет-тәуелді жасөспірімдердің ішінде өз-өзіне қатынасының ерекшеліктерін келесідей бөліп көрсетті (Сурет1):

- Өзіндік «Меніне» қатысты интегралды сезімінің корреляцияланған байланыстықтың болуы мен өз-өзіне қатынасына байланысты.
- Өз-өзін түсіну мен өз-өзіне қызығу факторлардың арасындағы айтарлықтай байланыстың болмауы;
- Өз-өзін қабылдау, басқалардан жағымды қарым-қатынасты күтуі; өз-өзіне сенімділік, аутосимпатия мен өз-өзіне қатынасының жүйелі функционалді түрде, интернет-тәуелді жасөспірімдердің, бұл топта көрінбеуі болып табылады;
- Өз-өзін бағалауда жетекші күйі- эмоционалды болды;
- Нақты әрекеттердің жетекші деңгейі- өз-өзіне қабылдау болып табылады.

Сәйкесінше, интернет арқылы өз-өзіннен кету жүзеге асады. Осыған байланысты, интернет-аддикциясы бар жасөспірімдерден айтарлықтай өзгерістер бар (мысалы: мінезі жағынан, қарым-қатынас орнату мүмкіндіктері жағынан, өз-өзін бағалау жағынан, өз-өзіне қатынасының құрлымы бойынша жүзеге асады).

Қорытынды

Зерттеу жұмысы барысында жаңа ақпараттық технологиялармен және интернетті қолданушылардың тұлғалық өзгерістеріне бағытталған сұрақ қойылған болатын. Бұл мәселе жалпы өзекті болып табылады. Олар белсенді түрде әйгілі басылымдарда талқыланып, соңғы уақыттары танымал зерттеу аймағы ретінде белгілі. Жоғарыда айтылып кеткен психикалық функциялардың дамуының теориясы бойынша, Л.С. Выготский және оның ізбасарлары А.П.Краковский т.б. зерттеулерінің нәтижелері бойынша, нақты психикалық процесстер мен нақты іс-әрекеттердің көрінісі тұлғаның өз-өзін өзектендіру процесі кезінде өзгерістерге ұшырайтындығына көзіміз жетті.

Алынған нәтижелерді талдай келе, интернет-аддиктілердің арасындағы шизоидті акцентуациясының көп болуы, жүйдегі әрекеттерді ерекшеліктеріне байланысты және шынайлықтан кету шизоидті типтерге тән болады деген қорытындыға келеміз. Истероидті акцентуациялы типті көптеген тұлғалар әрдайым көздің назарында болғысы келеді және өзінің қабілеттерін көрсеткісі келеді. Бұл истероидті жасөспірімдердің фрустрациялы қажеттіліктері шынайы өмірде қанағаттандырылып, олар өзіндік истероидті қабілеттерін виртуалды әлемде көрсетеді. (мысалы: бұл чаттардағы таныстық, жән т.б). Мінез-құлық ерекшеліктеріннен интернет-аддиктер, химиялық тәуелділігі бар жасөспірімнен айырмашылықтары бар және гипертимді, тұрақсыз, эпилептонді және истериодті типті акцентуациялы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

REFERENCES

1. Aychorn A. *A difficult teenager.*-M., 2001.
2. Ayvazyan S.A., Enyukov I.S., Meshalkin L.D. *Applied Statistics. Fundamentals of modeling and primary data processing.* - M., 1987
3. Alberti R., Emmons M. *Self-affirming behavior.* –St. Petersburg, 1998.
4. Aseev V.G. *Age psychology: Textbook.*- I., 1989.
5. Akhmedzhanov E.R. *Psychological tests.*- M., 1996
6. Berkovets L. *Aggression: causes, consequences and control.*- St. Petersburg, 2001.
7. Bodolev A.A. *Perception and understanding of a person by a person.*-M., 1986.
8. Burlachuk L.F., Morozov S.M. *Dictionary-handbook of psychology.*-M.,1986.
9. Bichons. *Assertiveness training.* .- St. Petersburg, 2001.
10. Wasserman L.I., Duke V.A., Iovlev B.V., Chervinskaya K.R. *Psychological diagnostics and new information technologies.*- SPb., 1997.
11. Bobrov A.E., Shurygin A.I. *Computer screening test: its validity and structure // Psychological diagnostics in neuropsychic and psychosomatic disorders.*-L., 1993.
12. Bodolev A.A., Stolin V.V. *General psychodiagnosics.*-M., 1987.